



Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтеріне тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін бекіту туралы

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 277 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 желтоқсанда № 6043 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес Әулиекөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған дене шынықтыру–сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Балғарин

Ә к і м д і к т і ң

2015 жылғы 23 қарашадағы

№ 277 қаулысымен бекітілген

Дене шынықтыру–сауықтыру қызметтерін тегін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі

№	Азаматтар санаты	Жеңілдіктер мөлшері
1	7 жасқа дейінгі балалар	Тегін
2	Көп балалы отбасыларынан оқушы–балалар	Тегін
3	Балалар үйлерінен оқушы- балалар	Тегін
4	Спорт ардагерлері	Тегін
5	Оқушылар	Тегін
6	Студенттер	Тегін
7	Зейнеткерлер	Тегін

Ескертпе: Осы тізбе мемлекеттік дене шынықтыру–сауықтыру және спорт құрылыстарына қолданады.

